

"Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1425

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

Осы Заң жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырумен байланысты туындайтын қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) шартсыз франшиза - белгіленген соманы шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін франшиза;
- 2) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын т ұ л ғ а ;
- 3) жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - жеке нотариустың " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеті;
- 4) сақтанушы - сақтандырушымен жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жеке нотариус;
- 5) сақтандыру сыйлықақысы - сақтандырушының жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілік міндетті сақтандыру шартында енген мөлшерде

пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауға міндеттеме қабылдағаны үшін оған сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

б) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемі болатын ақша с о м а с ы ;

7) сақтандыру жағдайы - басталуына байланысты сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін жағдай;

8) сақтандырушы - сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе шартпен белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде пайдасына шарт жасалатын өзге тұлғаға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін ж а с а у ғ а м і н д е т т і т ұ л ғ а ;

9) үшінші тұлға - жеке нотариустың нотариаттық іс-әрекеттер жасауға байланысты кәсіби міндеттерін атқару кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген және жеке нотариустың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының т а р а б ы б о л ы п т а б ы л м а й т ы н т ұ л ғ а ;

10) жеке нотариус - нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыру құқығына арналған лицензия негізінде заңды тұлға құрмай нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыратын және аумақтық әділет органында есепке алу тіркеуінен өткен Қазақстан Республикасының а з а м а т ы ;

11) франшиза - сақтандырушы өтеуге жатпайтын шығын сомасы.

2-бап. Қазақстан Республикасының жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру

туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен , осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық а к т і л е р і н е н т ұ р а д ы .

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі

Жеке нотариустың "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде үшінші тұлғаларға

келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

4-бап. Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты және негізгі принциптері

1. Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты (бұдан әрі - жеке нотариустарды міндетті сақтандыру) жеке нотариустың "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде зиян келтірілген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Жеке нотариустарды міндетті сақтандырудың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін осы Заңда белгіленген көлемде және тәртіппен қорғауды қамтамасыз ету;

жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты болған жағдайда жеке нотариустың қызметін жүзеге асыру;

тараптардың жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жататын тұлғалар

1. Қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.

2. Жеке нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асыруына байланысты өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасауы оны жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасау жөніндегі міндетінен босатпайды.

6-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасамай жеке нотариустың қызметті жүзеге асыруына жол бермеу

1. Жеке нотариустың жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасамай нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

2. Қызметін жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасамай жүзеге

асыратын жеке нотариус Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілік жүктейді.

7-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру жүйесін мемлекеттік бақылау

1. Сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі заңдарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

2. Жеке нотариустың осы Заңның жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасау міндеттілігіне қатысты бөлігіндегі талаптарды орындауын бақылау және осы талапты бұзған жеке нотариустарға шаралар қолдану Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әділет органдарына жүктеледі.

2-тарау. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты

8-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарт және оны жасау тәртібі

1. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру осы Заңның талаптарына сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты үшінші тұлғаның немесе сақтанушының пайдасына және сақтанушы арасында осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда жасалған келісім болып табылады.

3. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында үшінші тұлғалардың моральдық зиянды, айырылып қалған пайдасын және тұрақсыздық айыбын өтеумен байланысты талаптарын қоспағанда, сақтанушының нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

4. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушы мен ғана жасалуы мүмкін. Осы талапты бұзу жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығына әкеп соғады.

5. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты жазбаша нысанда, тараптардың бір құжатты - жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасауы арқылы жасалады және сақтандыру полисін беру арқылы куәландырылады.

Сақтанушының өтініші жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасау үшін негіз болып табылады.

Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның жарамсыздығына әкеп соғады.

Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық болмағандығы үшін жауапкершілік сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан ол бойынша дау туындаған жағдайда дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

6. Жеке нотариус өзінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін нотариаттық іс-әрекеттер жасағанға дейін жасауға міндетті.

7. Егер жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты сақтанушының немесе үшінші тұлғалардың жағдайын осы Заңда көзделген талаптармен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы мен үшінші тұлғалардың алдында осы Заңда белгіленген талаптар бойынша міндеттемелерге жауап береді.

9-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының қолданылуы

1. Егер жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, онда ол сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны мәулетпен төлеген жағдайда - алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

2. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты ол күшіне енгізілген күннен бастап 12 ай мерзімге жасалады.

Сақтандыруды қорғаудың қолданылу кезеңі жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

3. Егер жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

10-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының қолданылуын тоқтату

1. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты мынадай жағдайларда қолданылуын тоқтатады:

- 1) шарттың қолданылу мерзімі өткенде;
- 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;

3) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының талаптарында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінде сақтандырушы сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырғанда.

11-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі және шарттары, сондай-ақ оның құқықтық салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленеді.

12-бап. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының жарамсыздығы

Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының талаптары мен негіздемелерін жарамсыз деп тану, сондай-ақ оның құқықтық салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленеді.

13-бап. Сақтанушының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н у ш ы :

1) сақтандырушыдан жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарттарын, жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандырушының қаржылық есебімен танысуға;

3) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартынан кез келген уақытта бастартуға;

4) сақтандыру төлемін осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда алуға;

5) сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бастарту немесе оның мөлшерін негізсіз азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарсы болуға құқылы.

2 . С а қ т а н у ш ы :

1) сақтандыру сыйлықақысын жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде төлеуге;

2) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтандырушыға осы Заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді ұсынуға;

3) сақтанушының "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу міндетімен байланысты үшінші тұлғаның талап етуі (талап-арызы) туралы өзіне белгілі болғаннан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде өзіне қолайлы әдіспен (ауызша, жазбаша) бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға;

4) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу үшін сақтандырушыға мүмкіндік беруге;

5) сақтандыру жағдайынан болатын шығынды азайту жөнінде шаралар қабылдауға;

6) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап (регресс)

құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

7) егер жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін (сақтандыру сыйлықақысын мәулетпен төлеген жағдайда) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде сақтандырушыға тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

3. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

14-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

1 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасаған кезде сақтанушыдан жеке нотариустарды міндетті сақтандырудың бұрын болған шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартына енгізуге қажет өзге де мәліметтерді беруін талап етуге;

2) сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғалардың талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға;

3) осы Заңның 20-бабында көзделген жағдайларда зиян келтірілгені үшін жауапты адамға кері талап қоюға;

4) осы Заңның 21-бабында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

2 . С а қ т а н д ы р у ш ы :

1) сақтанушыны жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарттарымен таныстыруға оның жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

2) жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтаруға;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін жасауға;

4) сақтанушыға оның сақтандыру жағдайы кезінде шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеуге;

5) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

6) сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған кезде пайда алушыға осы Заңда белгіленген мөлшерде және тәртіппен тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

3. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

3-тарау. Сақтандыру сомасы және сақтандыру сыйлықақысы

15-бап. Сақтандыру сомасының мөлшері

Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен белгіленеді және жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартын жасау күніне белгіленген 1000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

16-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының талаптарында белгіленген сақтандыру сомасының 4,5 процентінен аспауы тиіс.

17-бап. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері

1. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдер тараптардың келісімінде белгіленеді.

2. Егер жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмеген болса, сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтандырушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

4-тарау. Сақтандыру төлемі

18-бап. Сақтандыру жағдайын және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

1. Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шарты бойынша жеке нотариустың " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүддесіне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Сақтандыру жағдайы соттың сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы шешімінің заңды күшіне енген не сақтанушының үшінші тұлғалардың зиянды өтеу

туралы талаптарын негізделген деп таныған және сақтанушының талаптарды тануына байланысты сақтандырушы келісімін берген сәттен басталады деп есептеледі.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы үшінші тұлғалардың талаптары сомасына немесе осы Заңның 8-бабы 3-тармағының ережелерін ескере отырып, соттың келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген шешіміне сүйене отырып а й қ ы н д а й д ы .

4. Сақтанушының шығынды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болғанда немесе тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалса, сақтандырушы ө т е й д і .

Осындай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда, егер осы шығыстар сақтандырушы сақтанушының нұсқауларын орындау нәтижесінде туындаған болса, сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін олар сақтандыру сомасына қарамастан толық көлемде өтеледі.

5. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшиза сомасына азайтылады, ол жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінің 5 процентін құрайды.

19-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шарттары және тәртібі

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, ж а з б а ш а н ы с а н д а б е р е д і .

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) с а қ т а н д ы р у ш а р т ы ;

2) үшінші тұлғалардың зиянды өтеу туралы талабы немесе "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне е н г е н ш е ш і м і ;

3) пайда алушының жеке басын куәландыратын куәлігінің көшірмесі (жеке тұлға үшін) немесе заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

4) зиянды болдырмау және оның мөлшерін азайту бойынша шараларды қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар.

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және оларды қабылдаған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге м і н д е т т і .

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның

сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге
қ ұ қ ы л ы е м е с .

5. Жеке нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жекелеген нотариаттық іс-әрекеттерді жасау нәтижесінде зиян келтірген үшінші тұлға, ал үшінші тұлға қайтыс болған (қайта ұйымдастырылған) жағдайда - оның мұрагерлері (заңды мұрагерлері) пайда алушы болып табылады.

Сақтанушы немесе үшінші тұлғаға (мұрагерлерге (құқықтық мұрагерлерге) осы Заңда белгіленген сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде келтірілген зиянды өтеген және сақтандырушыдан өзінің шығыстарын өтеуге құқығын алған өзге де тұлға пайда алушы бола алады.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей төлейді.

7. Сақтандыру төлемінің мөлшерін жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе үшінші тұлғалар дауласқан жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін көрсетілген тұлғалардың бірде-бірі дауласпаған бөлігін осы баптың 6-тармағында көзделген мерзім ішінде жүзеге асыруға міндетті.

Сақтандырушы сақтандыру төлемінің дау туғызған бөлігін бітім келісіміне қол қойылған және оны сот бекіткен күннен бастап не егер сот шешімінде оның тез арада орындалуы айтылмаса, осы дау бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.

8. Жеке нотариустар шартының қолданылу кезеңінде үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтандырушыға қойылуы мүмкін.

9. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы төлемеген жағдайда пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабында белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

20-бап. Зиян келтірген адамға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушының сақтанушыға төленген сома шегінде мынадай жағдайларда:

1) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) сақтанушы заң актілерінде белгіленген тәртіппен қасақана қылмыс не сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттерді жасағанда;

3) сақтанушы зиянды азайту бойынша ақылға сыйымды және қол жетерлік шараларды қасақана қолданбауы нәтижесінде зиянның мөлшерін ұлғайтқанда;

4) сақтанушы сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және

оның салдарлары туралы қасақана жалған мәліметтерді сақтандырушыға хабарлағанда;

5) сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқанда, сондай-ақ талап ету құқығының өтуі үшін қажетті сақтандыру құжаттарын беруден бас тартқанда кері талап (регресс) қоюға құқығы бар.

2. Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты адамға кері талап қою (регресс) құқығы сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға төлеген сомасы шегінде ауысады.

21-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздемелері

1 . 3 и я н :

1) үшінші тұлғалардың сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстар немесе сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылатын іс-әрекеттері;

3) сақтанушы Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңдарында белгіленген нотариустың функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асырғанда ;

4) сақтанушы нотариус қызметінің аумағына қатысты нотариат туралы заңдардың талаптарын бұза отырып жасаған нотариаттық іс-әрекеттері салдарынан болса сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар:

1) сақтанушының шығын келтіруге кінәлі адамнан шығынға тиісінше өтемақы алуы ;

2) осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтанушы өзінің кәсіби міндеттерін орындаған кезде келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты үшінші тұлғаның шағым (шағым-талап өтінішін) ұсынуы туралы сақтандырушыға уақтылы ескертпеуі немесе хабарламауы ;

3) сақтанушының сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тексеру және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу кезінде сақтандырушыға кедергі жасауы негіз болуы мүмкін .

3. Егер сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуы туралы уақтылы білгендігі дәлелденсе не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің жоқ болуы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпесе, сақтанушы өзінің кәсіби міндеттерін орындаған кезде келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты үшінші тұлғаның шағым (шағым-талап өтінішін) ұсынуы туралы сақтандырушыға уақтылы

ескертпеуі немесе хабарламауы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола
а л м а й д ы .

4. Егер сақтандыру жағдайы:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;

2) соғыс қимылдары;

3) азамат соғысы, алуан түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер салдарынан басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан б о с а т ы л а д ы .

5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған жағдайда сақтандырушы осы Заңның 19-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтінішті берген адамға бас тартудың дәлелді себебін көрсете отырып, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті жазбаша шешімді жіберуге міндетті.

6. Сақтандырушының осы бапта көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

5-тарау. Қорытынды ережелер

22-бап. Дауларды қарау тәртібі

Жеке нотариустарды міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

23-бап. Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

24-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті